

## Тауар шығарылған елді анықтау және тауардың шығуы туралы сертификат беру ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Индустрия және Сауда министрінің 2009 жылғы 11 наурыздағы N 59 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 18 наурызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5594 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің м.а. 2010 жылғы 21 сәуірдегі № 37 бұйрығымен.

**Күші жойылды - ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрінің м.а. 2010.04.21 № 37 бұйрығымен.**

"Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 11-1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Тауар шығарылған елді анықтау және тауардың шығуы туралы сертификат беру ережесі бекітілсін.

2. Мыналар:

1) "Тауардың шыққан елін айқындау және тауардың шығуы туралы сертификаттарды беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2008 жылғы 24 қыркүйектегі N 374 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Мемлекеттік нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде 2008 жылғы 23 қазанда N 5347 тіркелді, "Заң газетінде" 2008 жылғы 7 қарашада N 170 жарияланды, Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілері жинағы 2008 жылғы 12 желтоқсан N 12);

2) "Тауардың шыққан елін айқындау және тауардың шығуы туралы сертификаттарды беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2009 жылғы 29 қаңтардағы N 27 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Мемлекеттік нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде 2009 жылғы 3 ақпанда N 5525 тіркелді) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті :

1) белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) мемлекеттік тіркелгеннен кейін Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте оның бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда вице-министрі Е.Қ. Мамытбековке жүктелсін.

5. Осы бұйрық бірінші ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

В. Школьник

КЕЛІСІЛДІ:

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрі

Б.Б. Жәмішев \_\_\_\_\_

2009 жылғы 11 наурыз

Қазақстан Республикасы  
Индустрия және сауда  
министрінің  
2009 жылғы 11 наурыздағы  
N 59 бұйрығымен  
бекітілген

## **Тауар шығарылған елді анықтау және тауардың шығуы туралы сертификат беру ережесі**

### **1. Жалпы ереже**

1. Осы Ереже "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасының аумағында жеткілікті өңдеу/қайта өңдеу өлшемдеріне сәйкес өндірілген немесе жеткілікті өңдеу/қайта өңдеуге ұшырайтын тауардың шыққан елін анықтау және тауардың шығуы туралы сертификаттарды ресімдеу, куәландыру және беру тәртібін белгілейді.

2. Осы Ереже:

1) тауардың шығуы туралы сертификатты беруге және куәландыруға Қазақстан Республикасының заңнамасымен уәкілдік берілген мемлекеттік органға (бұдан әрі – уәкілетті мемлекеттік орган);

2) тауардың шығуын сараптауға уәкілетті ұйымға;

3) тауардың шығуы туралы сертификатты алуға мүдделі шаруашылық субъектілерге таралады.

3. Осы Ережеде мынадай негізгі терминдер қолданылады:

адвалорлық үлес – түпкілікті өнім бағасында тіркелген пайыздық үлеске жететін пайдаланылған материалдардың құнының немесе қосылған құнның пайыздық үлесі;

өтініш беруші – тауардың шығуы туралы сертификатты алуға мүдделі заңды немесе жеке тұлға;

жеткілікті өңдеу/қайта өңдеу өлшемі – тауардың шығуын анықтау қағидаттарының бірі, осыған сәйкес тауар, егер, оны өндіруге екі немесе одан да көп елдер қатысса, тауарды өңдеу/қайта өңдеу немесе дайындау бойынша тауарға сипаттық қасиеттер беруге жеткілікті соңғы операцияларды жүзеге асырған елден шыққан деп есептелінеді;

мемлекеттік сатып алуға тапсырыс берушілер – ұлттық басқарушы холдингтерді, ұлттық холдингтерді, ұлттық басқарушы компанияларды, ұлттық компанияларды және олармен аффилиирленген заңды тұлғаларды қоспағанда, осы Заңға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындар, дауыс беретін акцияларының (үлестерінің) елу және одан астам проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен аффилиирленген заңды тұлғалар;

тауардың шығуы туралы сертификат – Қазақстан Республикасының кеден аумағынан әкетілетін, Қазақстан Республикасының кеден аумағына арнайы экономикалық аймақтардың аумағынан әкелінетін және/немесе Қазақстан Республикасының кеден аумағында іске асырылатын, Қазақстан Республикасының аумағында жеткілікті өңдеу/қайта өңдеу өлшемдеріне сәйкес өндірілген немесе жеткілікті өңдеу/қайта өңдеуге ұшырайтын тауардың шығуын куәландыратын құжат;

кері экспорт – шетелден өңделмей/қайта өңделмей әкелінген тауарларды елден әкету;

тауардың шыққан елі – онда тауар толығымен өндірілген немесе жеткілікті өңдеуге/қайта өңдеуге ұшыраған ел;

кедендік бақылау – орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының кедендік органдарына жүктелген Қазақстан Республикасының кедендік және өзге заңнамалардың сақталуы жөнінде Қазақстан Республикасының кедендік органдары жүзеге асыратын шаралардың жиынтығы;

тауар – Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы қозғалатын мүлік, соның ішінде ақпаратты жеткізгіштер, валюталық құндылықтар, электр жылу, энергияның өзге де түрлері, сондай-ақ халықаралық тасымалдау үшін қолданылатын көлік құралдарын қоспағанда көлік құралдары;

сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы – сандық белгі немесе сандық белгілердің (кодтардың) топтары түрінде тауарлық топтарды, позицияларды, кіші позицияларды, шағын кіші позицияларды қамтитын тауарлардың жіктегіші. Жіктегіштердің кез келген деңгейіндегі позицияларға ескертулер, сондай-ақ Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасын түсіндірудің негізгі ережелері Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасының ажырамас бөлігі болып табылады;

техникалық реттеу саласындағы уәкілетті орган – тауардың шығуы туралы сертификатты ресімдеуді, куәландыруды және беруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

"франко-завод" шартындағы баға – жүкті тиеуге кедендік ресімдеуге және экспорттау елінен тауарды әкетуге, төленетін шығыстарды қоспағанда, тауарды өндіру кезінде қолданылатын барлық материалдардың құнын қамтитын баға;

сарапшы ұйым – уәкілетті мемлекеттік органмен келісімнің негізінде тауардың шығуына сараптау жүргізу жөніндегі жұмысты жүзеге асыратын аккредиттелген зертханасы, штатында тауардың шыққан елін анықтау жөніндегі сарапшы-аудиторы бар заңды тұлға;

сарапшы-аудитор – техникалық реттеу саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіпте аттестатталған маман;

экспорт – отандық немесе бұрын шетелден әкелінген және сыртқы нарықта оларды іске асыру үшін қайта өңдеуге ұшыраған тауарларды елден шығару.

## **2. Тауардың шығуы туралы сертификат**

4. Тауардың шығуы туралы сертификат қорғаулық деңгейі бар белгіленген үлгі бланкісінде ресімделеді.

5. Техникалық реттеу саласындағы уәкілетті орган тауардың шығуы туралы сертификатты осы Ереженің 4-тарауына сәйкес ресімдейді.

6. Қазақстан Республикасының кеден аумағынан әкетілетін тауардың шығуы туралы сертификат бір немесе бірнеше көлік құралдарымен сол бір жүк қабылдаушыға сол жүк жіберушіден жүзеге асырылатын тауардың әр жеткізіліміне ресімделеді.

7. Қазақстан Республикасының кеден аумағынан әкетілетін, Қазақстан Республикасының кеден аумағына арнайы экономикалық аймақтардың аумағынан әкелінетін және/немесе Қазақстан Республикасының кеден аумағында іске асырылатын тауар әкелінген жағдайда тауардың шығуы туралы сертификат тауардың жеткізіліміне ресімделеді және өндірушіге немесе оған уәкілетті тұлғаға беріледі.

8. Тауардың шығуы туралы сертификаттың қолданыс мерзімі берілген күннен бастап 12 айды құрайды.

9. Тауардың шығуы туралы сертификаттарды ресімдеу мынадай нысандар бойынша:

1) СТ-1 нысанды сертификат – Қазақстан Республикасынан Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының (бұдан әрі - ТМД) елдеріне әкетілетін тауарларға;

2) "А" нысанды сертификат – Еуропалық Ынтымақтастық елдері: Австрия Республикасы, Венгер Республикасы, Люксембург Ұлы Герцогтығы, Грек Республикасы, Ирландия, Италия Республикасы, Бельгия Корольдігі, Дания Корольдігі, Испания Корольдігі, Швеция Корольдігі, Нидерланд Корольдігі, Латвия Республикасы, Литва Республикасы, Португалия Республикасы, Болгария Республикасы, Кипр Республикасы, Мальта Республикасы, Польша Республикасы, Румыния, Словения Республикасы, Словакия Республикасы, Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Бірліккен Корольдігі, Германия Федеративтік Республикасы, Финляндия Республикасы, Француз Республикасы, Чех Республикасы, Эстон Республикасы, сондай-ақ мынадай елдерге: АҚШ, Канада, Австралия, Жаңа Зеландия, Швейцария және Жапония елдеріне экспортталатын тауарларға;

3) "Түпнұсқа" нысанды сертификат – ағылшын және/немесе орыс тілдерінде (өтініш беруші белгілейді) осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларын көрсетілмеген елдерге әкетілетін тауарларға жүзеге асырылады.

4) "СТ-KZ" нысанды сертификат:

жеткілікті өңдеу/қайта өңдеу өлшемдеріне сәйкес жеткілікті өңдеу/қайта өңдеуге ұшырайтын және Қазақстан Республикасының кеден аумағының қалған бөлігіне арнайы экономикалық аймақтардан және бос қоймалардан әкетілетін;

Қазақстан Республикасының аумағында жеткілікті өңдеу/қайта өңдеу өлшемдеріне сәйкес өндірілген немесе жеткілікті өңдеу/қайта өңдеуге ұшырайтын және Қазақстан Республикасының аумағында бұдан әрі айналымда болатын тауарларға жүзеге асырылады.

10. СТ-1, "А", "Түпнұсқа", "СТ-KZ" нысанды тауардың шығуы туралы сертификаттар және олардың көшірмелері қағаздың сапасы мен өлшемі бойынша мынадай талаптарға жауап берулері тиіс:

1) сертификат бланкісінің өлшемі 210x297 миллиметр болуы қажет, сонымен бірге ұзындығы бойынша ауытқу үлкен жағына 5 миллиметр немесе кіші жағына 8 миллиметр болуы тиіс;

2) сертификат бланкісінде басылған түсті гильотировка болуы қажет: "А" нысаны – жасыл, СТ-1, "Түпнұсқа", "СТ-KZ" нысандары – көгілдір, "Түпнұсқа" нысанды тауардың шығуы туралы сертификаттың көшірмесі жасыл түсті, ол механикалық немесе химиялық тәсілдермен қолмен жасалған кез-келген затты

көзбен анықтауға мүмкіндік береді. "СТ-1" және "СТ-KZ" нысанды тауардың шығуы туралы сертификаттың көшірмесі қорғалмаған бланкте орындалады.

### **3. Тауар шығарылған елді анықтау**

11. Тауар шығарылған елді анықтау үшін мыналар белгіленуі қажет:

- 1) тауар толығымен қазақстанда шығарылған;
- 2) жеткілікті өңдеу/қайта өңдеу өлшемдерін ескере, қазақстанда шығарылған;
- 3) шетелде шығарылған.

12. Толығымен Қазақстан Республикасында шығарылған болып есептелінетін тауарларды анықтау Қазақстан Республикасы Кеден Кодексінің 34-бабына сәйкес жүргізіледі.

13. Тауар өндіруде бір немесе бірнеше ел қатысқан кезде, тауарды шығарушы ел болып осы баптың ережелеріне сәйкес жеткілікті қайта өңдеу өлшемдеріне жауап беретін тауарды шығару немесе қайта өңдеу жөніндегі соңғы операцияларды жүзеге асырған ел саналады.

Жеткілікті өңдеу/қайта өңдеу өлшемдері мыналар:

1) тауарды өңдеу/қайта өңдеу нәтижесінде болған, кез-келген алғашқы төрт белгі деңгейінде сыртқы экономикалық іс-әрекеттің Тауарлық номенклатурасы бойынша тауар кодының өзгеруі;

2) тауарды шығарған ел ретінде есептеу үшін сол елде орын алған жеткілікті орындалған өндірістік немесе технологиялық операциялардың жасалуы;

3) қолданылған материалдар құнының пайыздық үлесі және қосылған құн соңғы өнім бағасында (адвалорлық үлес ережесі) қалыпты үлеске жеткендегі тауар құнының өзгеруі болып табылады.

14. Тауарды өңдеу/қайта өңдеу нәтижесінде болған кез-келген алғашқы төрт белгі деңгейінде сыртқы экономикалық іс-әрекеттің Тауар номенклатурасы бойынша тауар кодының өзгеруі - жеткілікті өңдеу/қайта өңдеудің негізгі өлшемі болып табылады, тауарды дамымаған елдер өндірісінде қолдану кезінде тауарға қажетті шығу мәртебесін беру үшін, өндірістік және технологиялық операциялар шарттарының тізбесіне енгізілген тауарлары есепке алынбайды.

Бұл тізбеге шарттардың бірі болып, адвалорлық үлес ережесі өз бетімен де, сонымен бірге тауарды жеткілікті өңдеу/қайта өңдеудің басқа да өлшемдерімен бірге енгізілген.

Қазақстанда айналымға арналған Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтарда және еркін қоймаларда тауар шығарылған елді анықтау үшін нақты тауарларға қатысты үшінші елдердің тауарларды шығаруында пайдалану кезінде тегі мәртебесін тауарға беру үшін қажет шарттардың өндірістік және технологиялық операциялардың тізбесі "Тауарларды

жеткілікті дәрежеде қайта өңдеу өлшемдердің бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылы 15 қазандағы N 1054 қаулысымен белгіленген.

Қазақстан Республикасында өндірілген және одан шығарылатын тауар шығарылатын елді анықтау үшін, өндірістік және технологиялық операциялар шарттарының тізбесі 2000 жылғы 30 қарашадағы ТМД Басшыларының Кеңесі Шешімімен бекітілген және ЕЭЫ N 2454/93 Нұсқауында N 12/97, 46/1999 толықтыруларымен "Тауарлардың шыққан елін анықтау ережелерінде" келтірілген.

15. Жеткілікті өңдеу/қайта өңдеу өлшемінің талаптарына жауап бермейтін болып мыналар есептеледі:

1) сақтау немесе тасымалдау кезінде тауардың сақталуын қамтамасыз ететін операциялар;

2) тауарды сату және тасымалдауға дайындау бойынша операциялар (партияларды бөлу, жіберулері, сұрыптау, қайта буып-түю) буылған тауарды ашу және қалыптастыру;

3) жуу, тазалау, шаңнан тазарту, қышқылмен, маймен немесе басқа заттармен жапсарлау;

4) тоқыманы үтіктеу немесе нығыздау (талшық пен тоқыманың кез-келген түрі, талшық пен тоқыманың кез-келген түрінен жасалған тігілген материалдар және олардан жасалған бұйымдар);

5) бояу немесе жылтырату операциялары;

6) қабыршықтау, жартылай немесе толық ағарту, дәнді-дақылдар мен күрішті тазалау;

7) қантты бояу немесе ірі қант жасау операциялары;

8) жемістердің, көкөністердің және жаңғақтардың қабығын тазалау, дәнін алу және бөлшектеу;

9) ұштау, жай ұнтақтау немесе жай кесу;

10) елеуіштен өткізу, сұрыптау, жіктеу, іріктеу, талдау (соның ішінде бұйымдар жинақтарын құру);

11) банкаларға, флакондарға, қаптарға, жәшіктерге, қораптарға құйып-орналастыру және буып-түюге байланысты басқа да қарапайым операциялар;

12) қарапайым құрастыру операциялары немесе тауарларды бөлшектеу;

13) тауардың алғашқы қалпынан алынған құрамдастарды өзгермейтіндей етіп тауарларды құрамдап бөлу;

14) алғашқы құрамнан алынған өнімді өзгермейтіндей етіп тауарларды араластыру;

15) малды сою, етін бөлшектеу;

16) жоғарыда аталған операциялардың екі немесе одан да көп сандарының бірегейлігі.

16. Адвалорлық үлес ережесі қолданылған жағдайда, тауарды өндіруде адвалорлық үлесті есептеу Қазақстан Республикасы Кеден Кодексінің 35-бабы 4-тармағына сәйкес жүргізіледі.

Тауарды өндіруде адвалорлық үлесті есептеу осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес формула бойынша жүргізіледі.

17. Ашылған немесе жиналмаған күйде бірнеше партиямен әкелінетін тауардың шыққан елін анықтау Қазақстан Республикасының Кеден Кодексінің 36-бабына сәйкес жүргізіледі.

18. Тауар шығарылған елді анықтау кезіндегі ерекшеліктер Қазақстан Республикасы Кеден Кодексінің 37-бабында белгіленген.

19. Тауар шығарылған елді анықтау жөніндегі жұмыстарды жүргізуге үміткер заңды тұлғалар техникалық реттеу саласындағы уәкілетті органға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) заңды тұлғаның мөрімен куәландырылған заңды тұлғаның бірінші басшысының атынан өтініш;

2) Жарғы көшірмесі;

3) заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы куәліктің көшірмесі;

4) Қазақстан Республикасының салық төлеушісі куәлігінің көшірмесі;

5) статистикалық кәртiшкенің көшірмесі;

6) тауар шығарылған елді анықтау жөніндегі сарапшының тұлғасын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

7) тауар шығарылған елді анықтау жөніндегі сарапшы-аудитор аттестатының көшірмесі;

8) тауар шығарылған елді анықтау жөніндегі сарапшы-аудитордың еңбек кітапшасының көшірмесі;

9) тауар шығарылған елді анықтау жөніндегі сарапшы-аудиторды тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі;

10) жеке меншік құқығында немесе келісім шарт негізінде аккредиттелген зертхананың болуы;

11) өз тарапынан Ереженің 16-қосымшасына сәйкес нысан бойынша екі данада мемлекеттік және орыс тілдерінде техникалық реттеу саласындағы уәкілетті органмен тауар шығарылған елді анықтау жөніндегі ынтымақтастық туралы қол қойылған келісім.

20. Тауар шығарылған елді анықтау жөніндегі сараптамамен байланысты жұмыстар өтінімнің негізінде және осы Ереженің 23-тармағында көрсетілген тізімге сәйкес өтініш беруші ұсынған құжаттардың негізінде жүргізіледі.



21. Тауардың шығуын сараптауды жүргізуге құзіретті ұйым тауардың шыққан тегін сараптауды өтінім толық құжаттар жиынтығымен ұсынылған уақыттан бастап жиырма төрт сағат ішінде жүзеге асырады.

22. Тауардың шығуын сараптау, өзіне:

- 1) осы Ереженің 23–тармағына сәйкес ұсынылатын құжаттарды сараптауды;
- 2) егер, тауарды сәйкестендіруге және/немесе оның санын, сапасын, класын анықтау мүмкіндігі болмаса, тауардың тұрған орнына бару арқылы, сыртқы нышандары (атауына, типіне, таңбалануына, буып-түюілуіне, класына, сапасына, шығарушы-кәсіпорынға) бойынша тауарды сәйкестендіруді;
- 3) жеткілікті өңдеу/қайта өңдеу және тауардың қосылған құнын анықтау өлшемін белгілеу мақсатымен тауарды өндірудегі технологиялық үрдісті сараптауды;
- 4) егер тауарды басқа тәсілмен сәйкестендіру мүмкіндігі болмаса, зертханалық сынақты және зерттеуді қамтиды.

Сараптаманың қорытындылары осы Ереженің 13-қосымшасына сәйкес тауар шығуы туралы актіге немесе 3 және 5-қосымшаларына сәйкес сараптау актісімен ресімделеді.

23. Тауардың шығуына сараптама жүргізуге берілетін өтінімге қоса осы Ережеге 2 және 4-қосымшаларға мынадай құжаттар ұсынылады:

- 1) өтініш берушінің заңды мәртебесін растайтын (заңды тұлға болып құрылмаған кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалар үшін – төлқұжаты, жеке куәлігі, жеке кәсіпкердің патенті немесе куәлігі) құжаттары;
- 2) сыртқы сауда келісімінің түпнұсқасы және көшірмесі;
- 3) шот-фактураның немесе тауарға арналған инвойстың түпнұсқасы және көшірмесі;
- 4) тауардың шығуын растайтын (тауарды алуға немесе тауарды шығарушымен шарт, шот-фактуралар, қажет болған жағдайда тауарды тасымалдау туралы құжаттар) құжаттардың түпнұсқасы және көшірмесі;
- 5) қызметтің түріне лицензияның түпнұсқасы және көшірмесі;
- 6) "жеткілікті өңдеу/қайта өңдеу" өлшемдерін анықтау үшін (тауарды өндіруде пайдаланылатын шикізаттың және компоненттің құнын, шикізатты жеткізуге шарттар, шоттар, төлем құжаттары, көліктік және өзге де нормативтік және технологиялық құжаттарға сәйкес өндірілген тауар, пайдаланылған шикізат құнының немесе шет елден шыққан компоненттің есебімен тауардың өзіндік құнының есебі, шығындардың калькуляциясы, қосылған құн) құжаттары;
- 7) егер тауар жануар тегінен, өзен және теңіз шаруашылығының тауары болып табылса, ветеринарлық куәлік;
- 8) қойманың мекен-жайын көрсету арқылы қоймадағы тауардың бар болуы және саны туралы қоймалық анықтама;

9) өтінім берушінің мүдделерін қорғауға сенімхат;

10) жеміс-көкөніс өнімдері үшін: аталған аумақтағы өнім партиясын өсіру туралы Қазақстан Республикасының аумақтық бірлігіне сәйкес келетін жергілікті атқарушы органның анықтама–растауы; өнім өндірушімен шарт, түпнұсқаны міндетті түрде ұсыну арқылы тауарды алуға шарт немесе тауар өндірушімен жасалған шарттың нотариуспен куәландырылған көшірмесі санынан сарапшы анықтайды.

Осы тармақтың 2 және 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттар мынадай:

Қазақстан Республикасының кеден аумағының қалған бөлігіне арнайы экономикалық аймақтан және бос қоймалардан тауарларды шығарған;

Қазақстан Республикасының кеден аумағынан әкетілетін және Қазақстан Республикасының аумағында жеткілікті өңдеу/қайта өңдеу өлшемдеріне сәйкес Қазақстан Республикасы кеден аумағының қалған бөлігіне іске асыруға өндірілген немесе жеткілікті өңдеу/қайта өңдеуге ұшырайтын тауарлардың елін анықтаған жағдайда көрсетілмейді.

24. Қосымша зерттеулер жүргізу қажеттілігі туындаған жағдайда, сарапшы ұйым:

1) рұқсаттамаларды, лицензияларды, шикізаттың, материалдардың, құрамдастардың шығуын куәландыратын құжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелерін;

2) акредиттелген сынақ зертханалары (орталықтары) берген сынақ хаттамасы, егер тауарды зертханалық сынақтарсыз және зерттеусіз сәйкестендіру мүмкіндігі болмаса сұрай алады.

Құжаттардың түпнұсқалары олардың көшірмелерімен сәйкестендіргеннен кейін 1 күн ішінде өтініш берушіге қайтарылады.

25. Сараптау қорытындысы бойынша, тауар:

1) толығымен Қазақстанда шығарылған;

2) жеткілікті өңдеу/қайта өңдеу өлшемдері есебімен Қазақстанда шығарылған ;

3) шетелде шығарылған деген тауардың шығуы туралы сараптамалық қорытынды беріледі.

26. Белгіленген тәртіпте аттестатталған және уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінің тізіліміне енгізген тауар шығарылған елді анықтау жөніндегі сарапшы-аудитор сараптаманы жүргізеді және сараптамалық қорытындыға қол қояды.

27. Толығымен Қазақстанда шығарылған тауарлардан (шикізаттардан, материалдардан, өнімдерден) өндірілген тауарлардың тегін анықтауда тауардың шығу тегі туралы сараптама актісінде мыналарды көрсету қажет:

1) аталған тауарды дайындаудағы технологиялық үрдіс (техникалық жағдайлар, техникалық нұсқаулықтар);

2) тауарды өндіруде пайдаланылған шикізаттар, материалдар мен құрамдастарды жеткізушілерді;

3) сатып алынған шикізаттар мен құрамдастарға төлем туралы құжаттардың болуы (аты, нөмірі).

28. Қазақстанда шығарылған тауарды жеткізуге мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шартты орындау шеңберінде өтініш беруші тауардың шығуы туралы сертификатпен расталған, бұрын тауардың сәйкестендірілген бірлігіне сәйкес қазақстандық тауарды одан әрі жеткізуді жүзеге асырады.

29. Жеткілікті өңдеу/қайта өңдеудің өлшем есебімен тауардың шығуын белгілеуде тауардың шығуы туралы сертификатта ресімдеуге арналған сараптама актісінде тауар, Қазақстанда шығарылған не шетелде шығарылған деп анықталады деген сараптамалық қорытынды беріледі.

30. Тауарды кері экспорттауда, оның Қазақстан Республикасына келуін растайтын құжаттар көрсетіледі (тауардың шығуы туралы сертификат, жүк кеден декларациясы және тауарға ілеспе құжат).

#### **4. Тауардың шығуы туралы сертификатты ресімдеу және куәландыру тәртібі**

31. Тауардың шығуы туралы сертификат бір ж ұ мыс к ү ні ішінде төмендегі негіз бойынша ресімделеді:

1) осы Ереженің 6 және 7-қосымшаларына сәйкес өтінімдер;

2) тауардың шығуы туралы сараптама актісі;

3) осы Ереженің 23-тармағына сәйкес өтініш берушінің сараптамаға ұсынған құжаттары.

32. Тауардың шығуы туралы сертификат осы Ереженің 39-43-тармақтарда мазмұндалған тәртіпке сәйкес толтырылады, техникалық реттеу саласындағы уәкілетті орган, сондай-ақ өтініш беруші қол қояды және куәландырады.

33. Тауардың шығуы туралы сертификат 3 данада дайындалады: біріншісі түпнұсқа болып табылады, екіншісі және үшіншісі – қорғалмаған бланкілерде орындалған көшірмелер. Сертификаттың түпнұсқасы және бір көшірмесі өтініш берушіге тапсырылады, екінші көшірмесі сертификатты берген техникалық реттеу саласындағы уәкілетті органда сақталады.

Өтініш берушінің талабы бойынша техникалық реттеу саласындағы уәкілетті орган қорғалмаған бланктарда сертификат көшірмелерінің қажетті санын береді.

Бланкі көшірмесінің "Қызметтік белгілеу үшін" немесе "Қосымша мәліметтер" бағандарында мынадай жазбалар жазылады: "Көшірме дұрыс", уәкілетті тұлғаның қолы қойылған көшірмелердің берілген күні мөрмен куәландырылады.

34. Сертификаттардың толтырылған бағандарындағы бос жерлер ("СТ-1", "СТ-KZ" нысаны – 6, 7, 8, 9, 10 бағандары; "А" нысаны – 5, 6, 7, 8, 9, 10; "Оригинал" нысаны – 7, 8, 9, 10) оны куәландырғаннан кейін қосымша жазбаларды болдырмас үшін ("Z" белгісімен) қолмен жазылуы тиіс.

35. Сертификаттарда түзету, ластау және куәландырылмаған түзетулер жіберілмейді. Қате ақпарат және түзетілген мәліметтерді өшіру, соңынан сертификатты куәландыратын уәкілетті тұлғаның қолымен және уәкілетті мемлекеттік органның мөрімен куәландыру жолымен сертификатқа түзетулер және/немесе толықтырулар енгізіледі.

Егер сертификаттың бағандарында қамтылған мәліметтер өзгертілген жағдайда жаңа сертификат өтініш беруші алдыңғы берілген сертификатты қайтарғаннан кейін, жаңа сертификат беруде негіздеме ретінде жойылатын және тігілетін, сондай-ақ осы өзгерістерді растайтын қажетті құжаттар болған жағдайда беріледі. "А" немесе "Түпнұсқа" нысанды сертификаттардың 4 бағанында немесе "СТ-1" және "СТ-KZ" нысанды сертификаттың 5 бағанында "Сертификаттың орнына берілді" белгісі жойылған сертификаттың нөмірі мен күнін (басқа сертификаттың орнына берілген сертификатқа жаңа реттік нөмір беріледі) көрсету арқылы жасалады.

36. Ресімделген сертификаттар тауардың шығуы туралы сертификаттарын беру есебін жүргізу жөніндегі тізілімге қол қою арқылы өтініш берушіге беріледі.

37. Сертификаттарды өзге шаруашылық қызметтердің субъектілеріне тапсыру жүргізілмейді.

38. Құжаттар және бұл құжаттардың негізінде берілген сертификаттар көшірмелері құзіретті техникалық реттеу саласындағы уәкілетті органда үш жыл бойы сақталады.

39. СТ-1 нысанды сертификат осы Ереженің 8-қосымшасына сәйкес орыс тілінде толтырылады, сертификаттың бағандарында тауар туралы мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) 1-баған - "Жіберуші/экспорттаушы (атауы және почталық мекен-жайы)". Егер жіберуші және экспорттаушы әр түрлі заңды тұлғалар болып табылса, жіберуші (атауы және почталық мекен-жайы) экспорттаушы (атауы және почталық мекен-жайы) "тапсырмасы бойынша әрекет етеді". Бағандарды толтыруда жіберуші/экспорттаушының, оның мемлекеттік тіркелуі туралы

куәлікке сәйкес, ал почталық мекен-жайы, оның мемлекеттік тіркелуі туралы куәлікке сәйкес атауы, әлде жіберуші/экспорттаушының нақты орналасқан жерін растайтын құжат көрсетіледі;

2) 2-баған - "Қабылдаушы/импорттаушы (атауы және почталық мекен-жайы)" . Егер жіберуші және экспорттаушы әр түрлі заңды тұлғалар болып табылса, жіберуші (атауы және почталық мекен-жайы) импорттаушының (атауы және почталық мекен-жайы) "тапсырмасы бойынша әрекет етеді". Бағандарды толтыруда қабылдаушы/импорттаушының, оның мемлекеттік тіркелуі туралы куәлікке сәйкес, ал почталық мекен-жайы, оның мемлекеттік тіркелуі туралы куәлікке сәйкес атауы, әлде қабылдаушы/импорттаушының нақты орналасқан жерін растайтын құжат көрсетіледі;

3) 3-баған – "Көлік құралы және бару бағыты". Жүктің баратын бағыты мен көліктің түрі көрсетіледі;

4) 4-баған – тауардың шыққан тегі туралы сертификаттың тіркелген нөмірі, оның нысаны, "Қазақстан Республикасы" сертификатын берген ел және осы сертификат қай елге арналғаны көрсетіледі;

5) 5-баған – "Қызметтік белгілер үшін". Қазақстан Республикасының мемлекеттік бақылау органдарының қызметтік белгілері, сондай-ақ мынадай жазбалар: "Соңынан берілген", "Түпнұсқа", "Сертификаттың орнына берілген", "ТМД Кумуляциясы" жазылады;

6) 6-баған – "Нөмір". Тауардың реттік нөмірі көрсетіледі;

7) 7-баған – "Орындар саны және орау түрі";

8) 8-баған – "Тауардың сипаттамасы". Тауардың коммерциялық атауын және кедендік рәсімдеу мақсатында тауардың бір мағыналы сәйкестігін жүргізуге мүмкіндік беретін өзге мәліметтер көрсетіледі (сыртқы сауда келісім-шартының, лицензиялардың, рұқсатнамалардың күні және нөмірі).

Бағанды толтыру үшін беттің мұқабасында орын жетпеген жағдайда тауардың шығу тегі туралы қосымша белгіленген тәртіпте толтырылған (сертификаттың бланкісіндегі сондай тіркелген нөмірі және мөрмен, қолмен куәландырылған) парақ (парақтар) қолдануға болады (осы Ережеге 6-қосымша ). Сертификаттың екінші бетінде толтыру жіберілмейді;

9) 9-баған – "Шығу тегінің өлшемдері". Тауарларды шығаруда мынадай өлшемдер көрсетіледі:

П - толығымен Қазақстан Республикасында шығарылған тауар;

Д - Сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық номенклатурасының (тауарлық позиция) кодының бірінші төрт санын көрсету арқылы соңғы өнімнің жеткілікті өңдеу/қайта өңдеуге ұшыраған тауары, мысалы – 1701;

К - кумулятивті қағидаттың негізінде шыққан елі анықталған тауар;

Егер сертификатта Сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық номенклатурасының әр түрлі тауарлардың позицияларында жіктелген шығу тегінің әр түрлі өлшемдері бар тауарлар жазылған болса, онда 9-бағанда барлық өтінілген тауарлар үшін бұзылды өлшемі көрсетіледі;

10) 10-баған – "Жалпы/таза салмағы (кг)". Тауардың салмақтық немесе сандық сипаттамалары көрсетіледі; тауардың нақты саны мен сертификатта көрсетілген санының арасы 5% аспауға тиіс;

11) 11-баған – "шот–фактураның нөмірі және күні". Шот-фактура немесе шот-проформа немесе тауардың қаржылық-сандық өлшемдері көрсетілген өзге құжат туралы мәлімет көрсетіледі (тауарды арнайы экономикалық аймақтардың және еркін қоймалардан Қазақстан Республикасының кедендік аумағының қалған бөлігіне әкету кезінде, бағанды толтыру міндетті емес);

12) 12-баған – "Куәлік". Техникалық реттеу саласындағы уәкілетті орган толтырады және сертификатта көрсетілген мәліметтерді куәландыратын оның атауын, мекен-жайын, мөрін және күнін, сондай-ақ сертификатқа қол қою құқығы берілген уәкілетті тұлғаның қолы, аты-жөнін қамтиды;

13) 13-баған – "Өтініш берушінің декларациясы". Тауар шығарылған елдің атауы, өтініш беруші уәкілетті тұлғаның аты-жөні, тауардың шыққан елі туралы мәліметтерді декларациялау орны мен күні, өтініш берушінің қолы және мөрі көрсетіледі.

Келісімге қатысушы мемлекеттердің шеңберінде тауарларды кері экспорттау кезінде, тауарды шығарушы елдің СТ-1 нысанындағы сертификаты болған кезінде, оны ауыстыра алатын басқа сертификаттар берілуі мүмкін. Осылайша, сертификаттың 5-бағанында: "Сертификат шығарушы елдің сертификаты негізінде берілді" деп (нөмірі мен күнін көрсету арқылы) белгіленеді.

Келісімге қатысушы мемлекеттердің шеңберінде тауарларды қайта экспорттау кезінде олардың аумағында әзірленген және қатысушы-мемлекеттердің кедендік аумақтарында тасымалданған тауарларға Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы үкімет басшылары Кеңесінің Шешімімен бекітілген 1993 жылдың 24 қыркүйегіндегі тауарды шығарған елді анықтау туралы ереже енгізілгенге дейін 5-бағанда көрсетілген: "Тауар \_\_\_\_\_ жылы \_\_\_\_\_ (ел-оның қазіргі замандағы атауы көрсетіледі) \_\_\_\_\_ (әзірлеушінің атауы көрсетіледі) шығарылған" деп жазылған СТ-1 нысанындағы тауардың шығу сертификатын беруі мүмкін. Сондай-ақ сертификаттың 9-бағанында сызықша қойылады. Тауарды дайындаушы Кеңестік социалистік республикалар одағының республикасының және пошталық мекен-жайының атауы, тауарды шығарған жылы туралы растау құжаттарын ұсынған жағдайда шартында сертификат берілу мүмкін.

40. Тауар Келісімге қатысушы мемлекеттердің бір резидент жеке тұлғасы арқылы шығарылатын (енгізілетін) болса, "СТ-1" нысанындағы сертификат мынадай ерекшеліктерді есепке ала отырып толтырылады:

- 1) 1-баған – жүк жөнелтушінің аты-жөні, мекен-жайы;
- 2) 2-баған – мәліметтер бар болса – жүк жөнелтушінің аты-жөні, мекен-жайы, сондай-ақ "Еркін айналым үшін" деген белгі;
- 3) 5-бағанды және 11-бағанды мәліметтер болмаған жағдайда, толтырмауға болады;
- 4) 13-баған жүк жөнелтушінің аты-жөні көрсетіліп, қолы қойылып куәландырылады.

41. "А" нысанындағы сертификат осы Ереженің 10-қосымшасына сәйкес өтініш берушінің өтінішіне сәйкес, құжаттың нысанына сай ағылшын тілінде толтырылады және мынадай мәліметтерді қамтиды:

1) оң жақ жоғарғы бағанда нөмірсіз сертификат берген елдің атауы "Қазақстан Республикасы" ("Issued in the Republic of Kazakhstan") және осы Ереженің 37-тармағының 4-тармақшасында көрсетілген деректерге ұқсайтын сертификаттың тіркелген нөмірі көрсетіледі;

- 2) 1-баған – экспортқа шығарушы елдің атауы, мекен-жайы;
- 3) 2-баған - импорттаушы елдің атауы, мекен-жайы.

Егер жүк үшінші елге жөнелтілетін болса немесе жүкті қабылдап алушы белгісіз болса, "мақсаты бойынша" ("To order") деп көрсетіледі;

4) 3-бағанда – экспортталатын жүктің (оның қаншалықты мәлім екеніне байланысты) тасымалдау көлігінің түрі мен жүру бағыты.

Егер аккредиттеу шарты немесе басқа да құжаттар толығырақ егжей-тегжейді талап етпесе, тасымалдау әдісі көрсетіледі (мысалы, "Әуе жолымен" ("By air"), "Теңіз жолымен" ("By sea"), "Темір жолмен" ("By train"));

Егер жүк үшінші ел арқылы жөнелтілетін болса, онда 3-бағанда, мысалы, былай көрсетіледі: "Мәскеу арқылы Алматыдан Лондонға әуе жолымен" ("By air from Almaty to London through Moscow");

5) 4-баған – ресми ақпараттарға арналған орын. Бұл бағанда мынадай ақпарат көрсетіледі: егер сертификат тауар жөнелтілгеннен кейін берілсе "Ретроспективті берілді" ("Issued retrospectively"), немесе телнұсқаны берілген жағдайда "Телнұсқа" ("Duplicate") деп көрсетіледі;

6) 5-баған – әр түрлі тауарлардың реттік нөмірлер;

7) 6-баған – таңбалау және тауар орындарының саны (сипаттама шын мәніндегі таңбалауға және жөнелтілетін тауардың орамасындағы нөмірге сәйкес келуі керек);

8) 7-баған – тауардың атауы, тауардың сипаттамасы және орам түрі, сыртқы сауда келісім-шартының күні, лицензияның (егер лицензия бар болса) және рұқсат қағазы (егер рұқсат қағазы бар болса) нөмірі мен күні;

9) 8-баған – тауардың шығарылу өлшемдері импорттаушы елдің талаптарына сәйкес толтырылады;

10) 9-баған – жалпы салмағы немесе тауардың басқа да сандық сипаттамалары (мысалы, данасы, метрі);

11) 10-баған – шот-фактураның нөмірі мен күні. Шот-фактураның күні сертификат куәлігінің күнінен кейін болмауы керек.

Егер шот-фактура шарттың немесе сыртқы сауда келісім шарттарының шарттары бойынша коносаментке негізделіп, немесе қабылдау-тапсыру актісінің, не аккредиттеу негізінде рәсімделетін болса, онда бағанда "коносамент негізінде", "қабылдау-өткізу актісі бойынша", "аккредиттеу негізінде" деп көрсетілуі керек;

12) 11-баған – тауардың шығуы туралы сертификатқа қол қоюға құқығы бар уәкілетті тұлғаның қолы, құжаттың рәсімделген күні және куәліктің орны (пошталық мекен-жайы) көрсетілген уәкілетті мемлекеттік органның мөрі;

13) 12-баған – тауардың шығуы туралы сараптамалық актіге сәйкес тауарды шығарушы ел және тауарды импорттаушы ел, толтырылған орны мен күні көрсетілген өтініш берушінің қолы мен мөрі көрсетіледі.

Импорттаушы елдің талап етуі бойынша "А" нысанындағы тауардың шығарылуы туралы сертификатқа басқа да мәліметтер (тауардың құны) енгізілуі мүмкін. Сертификатқа қосымша мәліметтерді қосу ортақ келісілген болуы керек, ол шарттарда немесе келісім-шарттарда көрсетілуге тиіс.

42. "Түпнұсқа" нысанындағы сертификат ағылшын және орыс тілдерінде (келісім-шарттарда немесе шарттарда қалай көрсетілгеніне байланысты болады) құжаттың нысанын қатаң сақтай отырып, осы ереженің 11 және 12 қосымшаларына сәйкес толтырылады:

1) оң жақ жоғарғы бағанда сертификатты берген ел "Қазақстан Республикасында берілген" ("Issued in the Republic of Kazakhstan") деп нөмірсіз және сертификаттың тіркеу нөмірі көрсетіледі;

2) 1-баған – жөнелтуші елдің атауы, мекен-жайы;

3) 2-баған – алушы елдің атауы, мекен-жайы;

Егер жүк үшінші елге жөнелтілетін болса, не жүкті қабылдап алушы белгісіз болса, онда "Тағайындалуы бойынша" ("To order") деп көрсетіледі;

4) 3-баған – экспортталатын жүктің (қаншалықты белгілі болса) тасымалдау көлігінің түрі мен жүру бағыты.

Егер аккредитив шарты немесе басқа да құжаттар егжей-тегжейлі бөлімдерді талап етпесе, тасымалдау тәсілі көрсетіледі (мысалы, "Әуе жолымен" ("By air"), "Теңіз жолымен" ("By sea")).



Егер жүк үшінші ел арқылы жөнелтілетін болса, онда 3-бағанда, мысалы, былай көрсетіледі: "Мәскеу арқылы Алматыдан Лондонға әуе жолымен" ("By air from Almaty to London through Moscow");

